Бауыржан Омарұлы,
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор

ҚОЖАКЕЕВ ҚҰБЫЛЫСЫ

Темірден де қатты ғой
Темекеңнің тепкісі.
Тым алысқа шапты ғой
Тепкі көрген көп кісі...
(Студенттер фольклорынан)

Күлкі – күштілердің қаруы

Қазір не көп, журналистер даярлайтын оқу орны көп. Ана университет те, мына университет те журналистика бөлімін ашып алған. Педагогтік оқу орны да, шет тілдерін үйретететін оқу орны да, оны айтасың, облыс орталығындағы университеттер де жыл сайын қаншама ұл мен қыздың қолына дипломын ұстатып, БАҚ-тың бақшасына тоғытып жатыр. Тіпті мединститутта журфак ашылса да таң қалмайтын заман.

Баяғыда бір ғана журфак бар еді. Қазақ баспасөзінің қасиетті құтханасы еді ол. «Бағаналы ордам, басты ордам» деп, қалам ұстаған жас пен жасамыс сонда жүретін. Жасы күндіз оқитын. Жасамысы сырттай білім алатын. Журфактың жастары мен жасамыстары керемет тату болатын. Жасамыстар жастардың жазған-сызғандарын өздері қызмет істейтін газет-журналдарға шығарып береді. Ал жастар әр сессияның кезінде жасамыстарға арнап конспект әзірлеп қояды. Сырттан оқитындарға одан артық сыйлық жоқ. Бүгінгі тілмен айтсақ, бартерлік байланыс.

Сыйластығы жарасқан сол факультетті күллі қазақ жұртына аты мәшһүр ғалым Темірбек Қожакеев

басқаратын. Мінезі қатал, түсі суық. Отырысы мығым. Тура құрыштан құйып қойған секілді. Тәртіп бұзғандардың аяғын қия бастырмайды. Мәмілеге келмейді. Шорт кеседі. Онысына өмірі өкінбейді.

Жазуы да тура өзінің мінезі секілді. Барша жұрт оң жаққа қисайтып жазса, Темкеңнің жазуы сол жаққа қарай жантайып жатады.

«Темірбек Қожакеев келе жатыр!», – десе, сыра ішіп, шалқып тұрған журфактың балалары мастығынан айығып сала береді. «Ол жатақханаға келе жатыр!» – дегенді естісе, сонда тұратын ұл-қыздың бойынан жеңіл діріл жүгіріп өтеді. Талай қаламгерді бесігінде тербеген бесінші жатақхананың алдына келіп, машинасының жарығын түсіргенде, сол жарыққа арбалған қояндай жалп ете түскен шалабурыл жігіттерді көргенбіз. Қожакеев тілге келгенше оның сұсы да, мысы да сені кәдімгідей басып тұрады.

Ал енді тілге келген соң рахат! Көркемдеп, бейнелеп, тұспалдап, мысқылдап ағыла жөнелгенде жаңа ғана жасқа да, кәріге де кәрін төгіп тұрған диктатор деканды қатыгездікке де, қаталдыққа да қимайсың. Әп-сәтте бүкіл болмысынан ызғар есіп тұрған Қожакеевтен қорғалақтау сезімі сейіліп, өн-бойыңды күлкі керней бастайды. Күлкі шақыратын әңгіме айтқандағы кейпі қандай әдемі! Екі иығың селкілдеп, сен де күле бастайсың. Осы сәтте Қожакеевтің екі кісі мінгендей кең иықтары ғаламат күшпен селкілдей жөнеледі. Сол селкілді көрген соң екі кісі сусып түскендей сенің қушиған қос иығыңның қозғалысы баяулай береді. Ойпырым-ай, түрі трагедияны танытатын, көкірегі комедияны теріс көрмейтін бұл неғылған адам деп таң қаласың. Әр сөзі, әрбір тіркесі тіліп түседі. Ашуланып, айқайға басып жатса да, образынан жаңылмайды. Қырық жылға дейін ұмытылмайтын қанатты тіркестер түйдектеліп түсіп жатады.

Біз оқуға келгенге дейін де Темкең журфактың талай сал-серілерін өмір жолына аттандырып салған. Сондықтан «Қожакеев айтыпты» деген сөздің талайы ауыздан-ауызға көшіп жүреді. Тек оны төменгі курстың студенттері

сыбырлап, ал жоғарғы курстың студенттері сампылдап айтады. Жын қуған журфактың жігіттері соның көпшілігін анайылап, бұрмалап жеткізеді. Ілгеріде айтылған «Қолыңды жуғанша полыңды неге жумайсың?», «Қожакеев балконнан емес, желкеңнен қарап тұр» деген секілді баршаға белгілі сөздерге енді біздің тұсымызда да жаңа тіркестер қосыла бастады. Жатақхана аралап, сол күні сабаққа бармай ұйықтап қалғандардың үстінен түскенде айтқаны: «Келсем, борбайын кереуеттің басына асып қойған, бәшпайларын жыбырлаты-ы-ы-еп жатыр». Әрине, мұнысы – сатираның салтымен әсірелеп, бейнелеп айтқандағысы. Әйтпесе, Қожакеев төбеңнен төніп тұрғанда бәшпайыңды қимылдатпақ түгілі... Ешнәрсеге атсалыспай, бейқам жүретіндерге кейігенде айтқаны: «Әй, бұл не деген жұрт?! «Аш бәледен қаш бәле!», «Сен тимесең, мен тимен...», «Тек жүрсең, тоқ жүресің» деген мақал-мәтелдерді басшылыққа алып, жантайып жатқан қалың ел...».

Бірде бір курстасымыз зу-зу етіп, сабаққа келмегенін былайша «жуып-шайып» тұрды:

– Ағай, мен ауырып жүрмін. Дәрігерлер «Менингит болуы мүмкін» деп жатыр...

– Әй, қой! – деді Темкең селкілдей күліп. – Беті аулақ, ол емес шығар... Ол болса, Құдай төбеңнен ұрған екен!..

Кейде «Осы кісінің өзі неге сатира жазбайды екен?» деп ойлайсың. Егер жазса, осы саладағы дүлдүлдің өзі болар ма еді... Бірақ Темкең тиіп-қашып қалам түрткені болмаса, сын-сықақ жазбады. Тек сатираның теориясымен ғана айналысты. Сатира сыншыларының еңбектерінен тұздық алып, «Күлкі – күштілердің қаруы» деген қағиданы жиі айтатын еді. Өзінің де мықшегедей (З.Қабдолов) мықты, кемірілмес күшті екендігі күлкіні серік еткендігінен болса керек...

«Мынауыңнан мен де қорқам!»...

Ал енді лекциясы ғаламат. Қожакеев сабаққа ешқашан кешікпейді. Лекциясын дәл уақытысында бастап

кетеді. Темкеңнен кейін аудиторияға тірі жан аттап баспайды. Студент түгілі, оқытушылардың өзі де ол кісі сабақ жүргізіп жатқан аудиториядан алты метр аулақ жүреді. Әдетте залда тек шыбынның ызыңы ғана естіледі дейміз ғой мұндайда. Шыбынның өзі де ызыңдауға қатал деканымыздан қаймығатын секілді. Бірақ лекция басталысымен-ақ оның мойнынан қаталдықтың қамыты алына бастайды. Ағайымыздың суық жүзіне сәуле жүгіреді. Түр-түсін құбылтып, өзі мысалға келтірген фельетонның кейіпкерлерінің кейпіне еніп, ойнақылана түскен кезде сенің де делебең қозып, жан дүниесі екіге жарылған ұстазды осының қайсысына телитініңді білмей, дал боласың. Әр сөзі шегедей. Айтпағын миыңа қадап тұрып түсіндіреді. Соның бәрін жазып алуға өте қолайлы етіп, қысқаша түйіндейді. Миығұла болмасаң, ұмытып қалуың немесе жаза басуың әсте мүмкін емес. Тек қана сорлайтындар – сабаққа келмей қалғандар. Темкеңнің лекциясын басқа біреуге өзіндей етіп ешкім де ұғынықты тілмен түсіндіріп бере алмайды. Сондықтан сабаққа кешікпей келіп, аудиторияға ертерек еніп алғанның бәрі қанаттанып һәм қанағаттанып шығады. Тек лекцияның соңына қарай ұстазымыздың өңі өзгеріп, қайырымды қазақтан қайтадан діні қатты деканға айналатыны жаман-ақ. Жаңа ғана күлкі жүгірген жүзінде лезде жасын ойнап сала береді. Сабақ соңында атан түйеге жүк боларлықтай көп кітапты оқып, әрі конспект жазып келуге тапсырма береді.

Келесі жолы сабақ сұраған кезде жаныңды алардай шүйіледі. Кітаптың қайсысын оқып, қайсысын оқымағаныңды бірден біледі. «Эльсберг ақсақалдың еңбегін оқыдың ба, ей? Күлкінің қуаты туралы не депті ол кісі?» – дейді. Мұрныңның астынан міңгірлей бастасаң, «Сол кітаптың мұқабасының түсі қандай өзі?» – деп анықтап алады. Содан митыңдап отырасың. Басқа оқытушылар секілді алдауға көнбейді, конспектіңді бар өнеріңді салып, өрнектеп тұрып жазсаң да, ұнамаса, «Мынаның ішінде түк жоқ қой», – деп лақтырып жібереді. Бұлталақтап, жолсызбен

тарта бастасаң, «Әй, бала, сен мені алдай алмайсың. Сен енді ғана базарға бара жатқан адамсың, ал мен сол базардан қос қолымдағы қоржынды толтырып қайтып келе жатқан адаммын», – деп оқты көзін қадайды. «Отыр, екі!» – дейді сосын қапалы дауыспен. Бұдан кейін өмір бойы бұл кісіден зачет алу бақыты бұйырмайтындай көресің. Жоқ, олай емес. Сүйретіліп тағы барасың. Қаһарланып, тағы қуып шығады. Сүмеңдеп тағы келесің. Тағы бір жалп етесің. Күндердің күнінде әлгі оншақты кітапты үтір-нүктесіне дейін қалай жаттап алғаныңды білмейсің. Сол кезде саған қатыгез деген Қожакеевтің өзі қорқынышты болмай қалады. Осы сәтте пәледей көретін диктатор деканың әлемнің бар әдемі күлкісін езуіне жинап алып, саған әкеңнен бетер елжірейді келіп. «Айттым ғой, бала, миыңа сіңірмей қоймаймын деп. Мә, зачетың!». Өмірінде бала болып конспект жазып көрмеген қияңқыларды да Қожакеев осы жолдан өткізеді. Біреуге бас июді білмейтін небір қыңырларды Темкең інгендей қайқаңдатады. Содан соң барлық сабақты барлық оқытушы өстіп оқытса, ғұлама боп кетеріңе шек келтірмейсің.

Былай қарасаң, өмірінде атқарған лауазымының ең үлкені – журналистика факультетінің деканы. Бірақ өзіндік орны мен салмағы, абыройы мен беделі жағынан ешбір министрден кем болған жоқ. Темірбек Қожакеев деген есім қазақ журналистикасының төлқұжатына айналды. Студенттер қай кезде де одан жылы сөзін аяған жоқ. Атын өлеңге қосты. Оған арнап жыр жазды. Тіпті өтірік өлең айтысында да «Эзоппен қыдырып жүр Қожакеев» деп тілдеріне тиек етті.

Журфакта оқыған барлық студенттер Қожакеевті қаталдығына қарамастан жақсы көрді. Ол бойды аулақ салып, жеккөріністілік сезімін туғызатындай тұлға емес еді. Қанша айқайласа да, сенің көңіліңде дық қалдырмайтын. Іштей жәбірленіп, жасқансаң да, әсерлі сөзіне, түрленген тіркесіне айызың қанып тұрады. Арқаның атақты боқтампазы Ысқақ шалдың алдына барып боқталып қайтқандар оның сөзіне разы болып, көпке дейін езуі

жиылмай жүреді екен. Құдды сол. Айырмашылығы, Қожакеев сені ешқашан боқтамайды, боқтамақ түгілі, намысыңды қорлайтын артық әңгіме айтпайды. Қатты күйінгеннің өзінде «Әй, сенің ана мұртыңды бір талдап жұлар ма еді?» дегеннен әріге барған емес. Сондықтан болар, журфактың бүкіл студенті қай кезде де Қожакеевті дауға да, жауға да қиған жоқ. Әрине, балалықпен өкпе артқандары, тіпті тілдеп-тістегендері табылмай қалмас. Ілгеріде деканның үйіне журфактың ызалы жүрек, долы қол қырсық жігіттері табыт жіберіпті деген аңызға бергісіз әңгіме айтылатын. Бірақ ол университеттен шеттетіліп, жұмыссыз жүрген кезінде бәрі де шын тілеулес болды. Темкеңнен теперіш көргендер де, көрмегендер де оны көшеде кездестіре қалса, қоғадай жапырылып, амандасып жататын. Студенттердің қолынан келетіні де, келмейтіні де үзіліс арасында мінберге шығып, аузы-басын қисаңдатып, ернін жымқырып алып, декан болып ойнауға, қиқылдап-шиқылдап, оның дауысын салып, пародиялауға әуес еді. Бұл да олардың ұстазға деген ықыласының негізінен түзу екендігінің белгісі болса керек... Ұстаздың өзі айтқандай, пародия тұрпаты бөлекше, мінезі ерекше адамдарға жасалады.

Қожакеев, әсіресе, мінезі шәлкес, сотанақ студенттерді жақсы көрді. Ақылды тентектерді керемет қадірледі. Бәлкім, соларға қарап, бір кездегі өзін көз алдына елестеткен болар. Талайын оқудан шығайын деп тұрған жерінен алып қалды. Үйсіз-күйсіз жүргендеріне жатақханадан орын берді.

Біздің курста Мейрамбек Шілдебаев деген жігіт оқыды. Өзі КПСС мүшесі болатын. Декан оны кедір-бұдыр мінезіне, кімнің де болса бетіне тіке айтатын дағдысына қарап жақсы көрді. Жыл сайын жатақханадан орын береді. Сол Мейрамбек жыл сайын қыс түспей-ақ, студенттік кеңестің төрағасымен шатақтасып, жатақханадан шығып кетеді. «Бір қолында ақ арақтың шишасы, Тост көтерді Шілдебайдың Мишасы»,– деп әзілдеп жүретін кезіміз. Ал Қожакеев көп ұзамай оған жатақханадан тағы бір бөлме

ұсынады. Сөйтіп, жатақханаға кезекті бір оралып тұрған сәтте қияңқы Мейрамбектің деканға: «Осы маған жатақхана бермей-ақ қойыңыз деп сізге қанша рет айттым?! Тыңдамайсыз. Бәрібір шығып кетемін», – деп еркінсігені бар. Сол Мейрамбек қазір Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінде қызмет істейді. Ана бір жылы облыс әкімімен бірге тікұшақ апатына ұшырап, аман қалған жігіттердің бірі.

Бірде бір оқытушы студент қыз баланың үстінен шағым айтып деканға кіреді.

– Апыр-ай, Темке, мына студент сабаққа келмейді, берген тапсырмаңды орындамайды. Себебін сұрасаң, жауап қатпайды. Тек сенен екі көзін алмай, қадалып қарайды да отырады. Мынаның көзі біртүрлі. Өзіңіз болмасаңыз, мен мынадан қорқайын дедім...

– Ол не қылған студент? Алып кел бері! Адамнан адам қорқа ма екен?!

Оқытушы әлгі студентті ертіп келеді. Шынында да, жаңағы қыздың алақандай көзі адам шошытарлықтай екен. Қас-қабағын қақпай, не үн қатпай, деканға тесіле қарап, отыра береді. Қойған сауалын елең қылмайды. Сол кезде Темкең үстелді қойып қалыпты:

– Әй, пәленше, алып кет мына қызыңды! Мынауыңнан мен де қорқам!..

Осылай тосын мінез танытып, елді елең еткізуімен де Қожакеев көптің құрметіне бөленді.

Темкеңнің тепкісі

Аға буын журналистердің арасында жиі айтылатын «Темкеңнің тепкісі» деген тіркес бар. Журфакқа жаңа түскенімізде кілең сақа жігіттер: «Сені елден айырған – Хан Жәңгірдің екпіні, Мойынымды қайырған – Темағаңның тепкіні»,– деп махамбетшілеп, өлеңдетіп жүретін. Әңгімелесе қалсаң, бәрі де деканнан көрген «зәбірін» айтады. Бір ғажабы, ешқайсысы соны ызаланып, кектеніп жеткізбейді, ішек-сілесі қата күліп отырып баяндайды.

Кейін өзіміз де Темкеңнің тепкісін көргендердің оқиғасына сан рет куә болдық.

Біздің оқу тобымызда белгілі журналист Ескендір Ертаев оқыды. Сабаққа келмей, үнемі староста Нұржамал Байсақалованың зығырданын қайнатады да жүреді. Ол кезде тәртіп бұзған студенттерге қолданылатын дәстүрлі екі жаза болатын. Біріншісі – жатақханадан шығару, екіншісі – стипендиядан қағу. Бұл жарықтыққа оның екеуін де қолдана алмайсың. Оқуға түскелі жан аяспас досы Әнуарбек Әуелбеков екеуі пәтер жалдап тұрды. Стипендия дегенге ұмтылып көрген емес. Қолдары қалт еткенде шампан зауытына барып, тиын-тебен табады. Соны малданып, жеңіл-желпі сабақтарда төбе көрсете бермейді. Қоғамдық жұмыс, жиын-пиын дегенді атамаңыз... Өздерінің қайда тұратынын да тірі жан білмейді. Алда-жалда қажет болып қалса, Василий Песковтің «Таежный тупик» атты атақты очеркіндегі Агафьяны іздегендей, Алматының бүкіл қолтығын түгел аралап шығасың. Екеуінің тұрмаған пәтері жоқ. Таулы қыраттан бірінші Алматыға дейін іздері сайрап жатыр. Пәтер берушілердің бәрі біледі оларды. Сұрау салсаң, Тетя Маша Тетя Валяға сілтейді, ол Баба Лиданы нұсқайды. Баба Лидасы Дядя Андрейге жібереді. Сөйтіп, бір кезде «ұстатпайтын кекшілдердің» ізі шығады. Сабақта көп болмаған соң оқытушылардың кейбіреуі бұл екеуін жөндеп танымайды да. Деканат Әнуарбекті іздесе, Ескендір, ал Ескендірді іздесе, Әнуарбек барып, «Енді қайталамаймын»,– деп ант-су ішіп, кешірім сұрап, бірі үшін екіншісі түсінік жазып, қолын қойып кете береді. Жер қозғалса қозғалмайтын осы екеуінің қамсыздығын көріп, старостамыздың жүйкесі жұқарып, шашы ағара түседі. Онысымен қоймай әлгі Ескендір антұрғанның партбилетінен басқа еш нәрсені көңілі қаламайтын қатал старостамызға көз сұғын қадап, кәдімгідей қырындап қоятынын қайтерсің.

Сол Ескендір өзін Қожакеев деканатқа шақырғанда көзі күлімдеп сала береді. Басқалар ұнжырғасы түсіп, еңсесі езіліп, жүрегі жаншылып шығатын жерден бұл

ысқырып, өлеңдетіп келе жатады. Айқай, ұрыс, сөгіс дегенді құлағына қыстырмайды. Алдымен есіктен қоңқақ мұрыны, сосын өзі кіреді. «Ту-у! Осының нерві-сі-а-ай...»,– деп беймаза Байсақалова одан сайын қапаланады.

Бір күні лекция үстінде Ескендір маған «Оқы!» деп дәптерін ұсынды. «Бұл неғып лекция жазатын болған?»,– деп шұқшиып көрейін. Е, бәсе... «Темірбек Қожакеевтің маған айтқан сөздерінен» деп жазып, астын екі рет сызып қойыпты. «Әй, мұрын, ана қолағаштай мұрныңды қайқайтып тұрып қойып қалар ем, әттең заң жібермейді-ау» (Сабаққа келмегенімде айтқаны). «Саған айттың не, айтпадың не?! Сен де бір, мынау да бір» (тық-тық) (Әбден түңілгенде айтқаны). «Пышақ алқымыңды орайын деп тұрғанда қимылдайсың-ау»... (Ең соңғы сәтте үлгеріп, зачет тапсырғанымда айтқаны). «Уһ, болды енді, төзімім таусылды. Енді мен саған үндемеймін» (Одан кейін де үнеді)»...

Әрі қарай күлкіден булығып, оқи алмадым. Басқа біреу болса, оқудан қашан шығарады деп түнімен ұйқы көрмей, берекесі кетер еді. Ескендір серінің істеп жүргені мынау. Бәсе, декан шақырғанда әлдебір қағазды төрт бүктеп, қолына ұстай кететін еді. Темкең ақырып отырғанда бұл шабытын шақырып отырады екен ғой...

Темкеңнің тепкісін көбірек көрген сол Ескендір мен Әнуарбек екеуі де кейін жаман болған жоқ. Қазір Әнуарбек Әуелбек – «Алматы ақшамы» газеті бас редакторының бірінші орынбасары, Ескендір Ертай – «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясы баспасөз қызметінің менеджері.

Темірбек Қожакеевтің он алты жыл бойы атқарған декандық қызметінің соңғы бес жылы біздің оқыған тұсымызға сәйкес келді. Курсымыздың үлкені, оқуға отыз төрт жасында қабылданған Аманғали Дайрабаев бірден деканның көзіне түсті. Нағыз жігіт жасындағы шу асау Аманғали Темкеңмен тістесе кетеді. Деканымыз оқығантоқығаны көп, білмейтін пәлесі жоқ сақа жігіттің бірбеткейлігін ұнатады-ау деймін, оған көп айқайлай

бермейді. Керісінше, өзі жиі айтатындай, «достық рәуішпен» әжуалап, мысқылдап-мұқатып отырады.

– Мынау Аманғали бәрін бүлдіріп алып, соны біреу-міреу жеткізіп қоймай тұрғанда маған айтуға өзі келеді. Келеді де, былай деп сайрайды: «Менің жүнім қызыл. Маған пәле-жәле жолағыш. Қарап жүрсем де, жұрт өзі келіп ұрынады. Әйтпесе, мен бір бейбітшілікті аңсап жүрген ақ кептермін...». Деканның өзі шаңқ-шаңқ етіп, екі иығы селкілдеп тұрып күледі. Одан Аманғалидың арынды күлкісі лекілдеп ағытыла жөнеледі. Осы қуатты күшті қос күлкінің арасында қалғанымыздың көкжасық күлкілеріміз де булығып, қиқылдап-шиқылдап жатамыз...

Темкеңнің қаталдығынан арқалы ақындар көп «зардап» шекті. Тар шеңберге сыймайтын тарпаң таланттар оқу жүйесінің жіпсіз байлайтын және өмірі таусылмайтын талаптарына бағына бермеді. Ащы су ақындықтың құрамдас бөлігіне айналған заманда арындап тұрған дарындар талай рет маңдайын тасқа соқты. Тасқа соғылған маңдайды тастай қатты Темкең де сипай қоймады. Содан ақындар журфакта ұза-а-ақ оқыды. Бірақ КазГУ-ге көңілі қалаған уақытысында соғып, үзілген жылдарын жалғап тұрды. «Басқа вузда бұл факті, Кезікпеген, братан, Жиырма екі жыл журфакты, Ежіктеген, братан»,– дегендей, арқалы ақындардың журфакта оқу ұзақтығының рекордтық көрсеткіші – ширек ғасырға жуық. Темкеңнің қатал кейпін сол ақындар ептеп өлеңдеріне де арқау етті («Декан ағайдың вокзалда досы бар екен»), оқудан шығып, елге келген жұпыны халін де аңғартты («Қармақшым суық қарсы алды»). Бүгінде Темкеңнің тепкісін көрген ақындардың бәрі де қазақ поэзиясының қабырғалы қалам-герлеріне айналды. Бұдан ұғатынымыз, Темірбек Қожакеев таланттардың кейін өздеріне де кесірін тигізуі кәдік кедір-бұдыр мінезіне қарсы майдан ашқан секілді. Ақын атаулыны тентектігіне бола тепкілесе де, талантына тигізбей тепкілепті. Бұлай болуы заңды да. Ақындардың деканнан басқа тартысатын да, шарпысатын да кісілері

көп. Жарасқан ақын айтқандай: «Ерке бала көнбейді қақпайлауға, Таяқты да көп жейді ерке бала»...

Ғылым докторы атанған кезде бір ағамыз өте жақсы айтты: «Әр ұстаздың шәкірт тәрбиелеу әдісі әртүрлі. Біреу аялап, мәпелеп, елжіреп тәрбиелейді. Ал Темкең бізді аспанға лақтырып жіберіп, құлап келе жатқанда жерге түсірмей қағып алып, өсірді. Құдды балапанын қиядан тастап жіберіп, қарап тұратын қыран құс секілді». Яғни, аялай тұра аямаған, аямай тұра аялаған!

Шәкірттерінің сабақ үлгерімін бағалауға келгенде Темірбек ағаны бағаға мырза деуге де, сараң деуге де болады. Мырза дейтініміз, көңілі шалқып отырғанда емтиханда бірсыдырғы, бірақ мүдірмей жауап берген студентке «бес» қоя салады. Мұндайда бұрын жай оқытушылардың өзінен осындай баға алып көрмеген әлгі пақырдың көзі тұманданып, тілі байланып қалады. Ал бұған керісінше, сәл нәрсеге қитықса, өмір бойы «беспен» оқып келе жатқан үздіктердің үздігінің зачеткасына қайқайтып «үштік» қоя салу оған түк емес. Ол лениндік стипендиант па, қалалық кеңестің депутаты ма, университет комсомол ұйымының хатшысы ма, Темкеңе бәрібір. Көп жұрт осыған әлі күнге дейін түсінбейді. Бірде – көл, бірде – шөл. Сол Қожакеевтің сабағынан алған жалғыз «үштің» кесірінен қазақтың небір «мен» деген жігіттері қызыл дипломнан қағылды. Қызыл диплом иелену үшін «төрттіктеріңнің» саны жиырма бес пайыздан аспаса жетіп жатыр. Ал өңкей «бестікпен» өрнектелген бұлардың дипломында «төрттіктің» өзі төбе көрсетпейді. Оның есесіне кілең «бестіктің» арасына қой үркітуге қойған қарақшыдай болып «үштік» қонжиған. Кейде осы дипломның бағасы түзілетін қосымшасына қол қоюға деканның дәті қалай барды екен деп ойлайсың.

Бірақ сол Темкең тақымын бір рет батырған жігіттердің атағы алысқа кетті. Бәрі де алты алашқа танымал азамат болды. «Үштік» алған жігіттердің біразы қазір қазақтың үш биіндей беделді. Талай оқу орындарын қызыл дипломмен бітірген мың-сан ұландар олардың

қарамағында қызмет істейді. Бәлкім, оларды дипломына түскен дақ секілді байқаусызда алған «үштігі» ширықтырды ма екен?! Мүмкін, бұл да бір Темкең-ұстаздың өзіндік әдістемесі ме, кім біледі.? Неге одан тепкі көрген адам жасып қалмайды? Неге одан сайын өршелене, биіктерге ұмтыла түседі? Міне, бұл да түсініксіз... Темкең тепкіледі екен деп, оның жағасына жармасып жатқан жанды тағы көрмейсің...

Бәрібір арбасы түзу келе жатқан қыз-жігіттерге бүйрегі бұрып тұратын еді. Университет комсомол комитетінің хатшысы Әміржан Қосанов мемлекеттік емтихан тапсырып отырғанда Темірбек ағамыздың комиссия мүшелеріне былай деп қалжыңдағаны бар:

– Әй, мынау – қатты өсіп келе жатқан бала. Бағасын дұрыстап қойыңдар! Ертең Цеканың хатшысы болып, сорымызды қайнатып жүрмесін...

Темірбек ағамыз көрегендік танытыпты. Бала кезінен қызметке бейімділігін көрсеткен Әміржан өсіп-жетілем дегенше Цеканың тарап кетуіне байланысты хатшы бола алмады. Есесіне жиырма сегіз жасында министрдің орынбасары, кейін Үкімет басшысының баспасөз хатшысы болды.

Басшылық қызметтегі біреу-міреу мүлт кетсе, Темірбек ағаның ащы даусы шығады: «Әй, слушай, өзіміз он алты жыл декан болғанда бүйтіп алжымап едік...».

Осыған орай ойымызды түйіндесек, «Темкеңнің тепкісі» деген тіркес тілеулестік ұғымымен сабақтасып жатқан секілді.

«Университетте – студентімсің, үйде – қонағымсың»

Жұмыссыздықтан жүдеп жүрген кезін талай көрдік. Бірақ еңсесін тік ұстады. Басқа біреу болса, жүнжіп кетер еді. Ал ол күн ұзаққа сарылып, Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде отырды. Баспасөздің тарихындағы ақтаңдақтарды анықтап, жаңаша көзқараспен

зерделеуге ден қойды. Бір күні мен қызмет істеп жүрген басылымға келдім. Бір мақаласы ұзағырақ жатып қалған еді. Соған ептеп реніш білдіріп, іссапарда жүрген бас редакторыма үшбу хат жазып кетті: «Мен қызметімнен айырылғанымменен, баспасөзге араласу құқымнан айырылғаным жоқ. Сол естеріңде болсын!». Кейін оның ұсынған дүниелері жиі жариялана бастады. «Жас алашта» Бейбіт Исабаевтың «Ұстаздың оралуы» атты очеркі жарық көргеннен кейін Темірбек ағамыздың еңсесі қайта көтерілді. Жүзіне күлкі үйірілді. Бұл кезде профессор университетке қызметке алынған. Бірақ талай өзінің тері төгілген журналистика факультетіне емес, бір қабат жоғары орналасқан филология факультетіне...

Өз басыма тоқталсам, төменгі курстың өзінде-ақ Қожакеевтің шаңырағынан дәм татудың реті келді. Бірде ішінде мен де бармын, үш студентті оқытушыларымыздың бірі шақырып алды. Біраз уақыт бұрын деканның қызы Гүлмираның ауыр науқастан қайтқанын естігенбіз. Ағайымыз бізден перзентінің басын қарайтуға көмектесуімізді өтініпті. Үш жігіт Темірбек ағамен бірге күні бойы «Кеңсайда» жұмыс істедік. Ағамыз ауық-ауық терең күрсінеді...

Кешке қарай «Үш алып» деп аталатын ғимаратта, «Искра» кинотеатрының төбесінде орналасқан Қожакеевтің пәтерінде отырмыз. Маң-маң басқан Азат апамыз буын бұрқыратып ет әкелді. Дәу табақтың ішінде еттің тау болып үйілгені соншалық, үш студентке емес, бір оқу тобын түгел тойғызуға жететін еді. Үйден жыраққа кетіп, Каз ГУ-дің асханасынан жүрек жалғап жүрген біз мұншама қазы-қарта мен жал-жаяны көріп, жылап жібере жаздадық. Ол ол ма, қызығы бар әлі...

Ойбай, мына көз не көріп тұр?! Арақ ішкен студент көрсе, аттандап шыға келіп, ит қосып қуатын атышулы Қожакеев бір-екі «қылмойынды» өз қолымен ашы-е-е-п жатыр. Дымымыз шықпай қалды. Тілімізді жұтып қойғаннан саумыз ба?!

Абырой болғанда, ішіміздегі жүрек жұтқан батылымыз Бауыржан Үсенов тілге келді.

– Ой-ой, ағай! Біз ішпейміз! Ашпаңыз, ойбай... Біз деген студентпіз ғой, – деп шыр-шыр етті.

Оны елең қылған Қожакеев жоқ. Басын кегжитіп, ақсия күліп, рюмкелерге лықылдатып арақ құя бастады.

– Ештеңе етпейді. Университетте – студентімсіңдер, үйде – қонағымсыңдар! Ал, тартыңдар!

О бастан арақ ішіп қарқ қылмаған мен ернімді тигіздім де қойдым. Серілігі мен перілігі қатар жүретін Бауыржан досым іркілген жоқ. Үшінші курстасымыз да жұтқыншағын бүлкілдетті. Темірбек аға бізді екі сағат қонақ етіп, «Ал, балалар, осыған ырза болыңдар!» – деп мейірленіп шығарып салды. Бұл бір «Осының өзі өңім бе, түсім бе?!» – деп аң-таң қалатындай сәт еді. Құдды «Әуезовтің үйінен қымыз іштім!»,– деп масайраған жас Қабдоловтың күйін кештік. Сол кезде біреу-міреуге: «Аюдай ақырған Қожакеевтің үйінде болып, бірге рөмке соғыстырып, жүз грамм іштік»,– дегеннен гөрі «Арыстанның аузына басымызды тығып, қайта суырып алдық», – деген әлдеқайда сенімдірек шығар еді. Алматының көшесінде желдей есіп келеміз. Жатақханаға келген соң да түн ортасына дейін ұйқы көрмей, таңға жуық әзер тыншыдық.

Осыдан кейін өзімнің де Қожакеевке бойым үйренді. Оның соншалықты жаншошырлық кісі емес, күйіне де, қуана да білетін мейірбан адам екеніне көзім жетті. Студент кезімнен мақалаларым жиі жариялана бастаған мені өзі де бауырына жақын тартты. Ақыры, ғылым жолындағы алғашқы ізденісім болып саналған «Бүгінгі қазақ пародиясы» атты дипломдық жұмысымды профессор Қожакеевтің жетекшілігімен сәтті қорғап шықтым. Бұл Темірбек ағаның қызметінен босап, факультеттің бар билігі орыс деканның қолына көшкен тұс еді. Көңілі пәс болып жүрсе де, шәкірттерін қызғыштай қорып, ешқайсысына шаң жуытпады.

Баяғыда маңдайға басқан жалғыз футбол командамыз біресе жеңіп, біресе жеңіліп, божырай бастаған кезде курсымыздың бас жанкүйері Талғат Батырхан: «Шіркін, осы «Қайратты» Темірбек Қожакеев жаттықтырса ғой... Құдай біледі, бір-екі жылда чемпион қылар еді», – деп жұртты ду күлдіретін. Содан Темірбек ағамыздың үстіне спорт костюмін, басына телпегін киіп алып, доп қуалап, ширақ қимылдап, әрі-сәрі күйге түскен қайраттықтардың басын біріктіріп, жаттықтырып жатқан сәтін көз алдымызға елестетіп, мәз болатынбыз.

Шынында да, кейде қоғамның белбеуі босап кеткен тұста ортамызда тәртібі темірдей қатты Темкең жетпей тұрғандай көрінеді...

Дерек көзі:

Темірбек Қожакеев: Ұстаз. Ғалым. Қайраткер. Естеліктер / Құраст. Мадет Қожакеев. – Алматы: «Мирас» баспасы, 2016. – 134-144-беттер.